

# ДЖОЙС МАЙЕР

АБЫРЖЫҒАН КҮЙДЕН ҚАЛАЙ ШЫҒУҒА БОЛАДЫ?

Неге,  
Құдайым,  
неге?

ДЖОЙС  
МАЙЕР

АБЫРЖЫҒАН КҮЙДЕН ҚАЛАЙ ШЫҒУҒА БОЛАДЫ?

Неге,  
Құдайым,  
неге?

## **Неге, Құдайым, неге?**

*Абыржыған күйден қалай шығуға болады*

© 2020 Джойс Майер

## **Why, God, Why?**

*How To Be Delivered From Confusion*

Copyright © 1995 by Joyce Meyer

Life In The Word, Inc.

P.O.Box 655

Fenton, Missouri 63026

All rights reserved

Барлық құқық авторлық құқық туралы халықаралық заңмен қорғалған.  
Автордың жазбаша рұқсатынсыз кітаптың мазмұнынан және/немесе  
мұқабасынан толықтай не бір бөлігінен көшірме жасап шығаруға тыйым  
салынады.

# МАЗМҰНЫ



Алғысөз .....	V
1. Бізді әбігерге түсіретін не?.....	1
2. Пікірлескен жетер! .....	5
3. Сенім дегеніміз не? .....	7
4. Құдай рақымын әрбір күнге жаудырады .....	9
5. Әттең.....	13
6. Солай болса ше...? .....	17
7. Барлығын түсінемін деменіз .....	21
8. Адастыратын ой.....	25
9. Абыржу қуаныштан айырады.....	29
Тәубе ету мінәжаты .....	31
Автор туралы .....	33



# АЛҒЫСӨЗ



«Ұры ұрлап, сойып, құрту үшін келеді. Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім», – дейді Иса Жохан жазған Ізгі хабарда (10:10).

Шайтан қуанышыңызды кетіріп, өміріңізді ауыр еткісі келеді. Алайда, осы кітап Құдайға барлығын сеніп тапсыруды үйренуде көмек болсын деп мінәжат етемін. Құдайға сенім артуды үйренгеннен кейін, өміріңізде көптен күткен тыныштық пен қуаныш орнайды!



# 1



## БІЗДІ ӘБИГЕРГЕ ТҮСІРЕТІН НЕ?

Өміріңізде түсініксіз жағдай болып жатыр ма? Абыржытатын оқиғаларға тап болып жүрсіз бе? Мүмкін, «Өмірім неліктен дәл осындай?» – деп өз-өзіңізге сұрақ қоясыз ба? Мүмкін, Құдайға «Неге, Құдайым? Неге мен басқаша өмір сүрмеймін? Неге өмірім осындай болып шықты? Түсінсем бұйырмасын!» – деп айтқан боларсыз.

Өмірлері абыржуға толы адамдар көп. Бұрында өзім де солай өмір сүретінмін, бұл жағдайдың азабы өзіме жақсы таныс. Сондықтан, осы абыржыған халдің себебі неде және оған қалай жол бермеуге болады деп ойлана бастадым.

Бірде Канзас-Сити қаласына уағыз айтуға келдім. Қызметке үш жүздей адам жиналды. Уағыз үстінде «Мазалаған сұраққа жауап таба алмай жүрген адам бар ма?» – деп сұрадым. Жұбайым мен тағы бір адамнан басқа барлығы қол көтергенде таңғалғаным-ай! Барлығы дерлік әлденеге абыржыған болған екен. Басқа қызметтерде де осы сұрақты қойғанда тура сол нәтиже болды.



Осы мәселеге ой жүгіртіп, адамдардың неліктен әбігерге түсетіндерін Құдайдан сұрадым. Естіген жауабым мынадай болды: «Олар барлық «неге» деген сұрақтарына жауап іздегендерін тоқтатып, сонда тыныштық табады».

Осы кезде өзім неліктен әбігерге түспейтінімді біржола ұқтым – барлығын түсінбесем де, ол жайт мені бұрынғыдай әуре қылмайды. Міндетті түрде бәрін түсінуім керек деген кетпейтін ойдан арылдым.

Барлығын тәптіштеп біліп, жұмбақ шешіп, оны қалай да түсінуге ұмтылғанды тоқтатыңыз. Сонда көңіліңіз де дүрбелеңге түспейді. Оңай нәрсе боп естілгенімен, мұнда өте терең мағына бар, себебі әбігер мен абыржу – ой-сананың халі.

Ой-сана – ұрыс майданы тәрізді, мұнда біз шайтанмен айқасып, не жеңіп, не жеңіліп қаламыз.

«Құдай тәртіпсіздікті... [қаламайды]» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 14:33), ал шайтан болса барған жеріне тек тәртіпсіздік әкеледі. Ол Киелі Жазбаға еш қатысы жоқ пікір тастайды. Осы айқаста шайтанды жеңу үшін, оның бізге салғысы келетін ойларын қуып шығаруымыз қажет.

«...қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, оларда Құдайдың құдіреті бар. Солармен жау бекіністерін талқандаймыз; оның дәлелдемелерінің

қате екенін әшкерелеп, адамдардың Құдайды тануларына бөгет болатын тәкаппарлық атаулыны құртып, күллі ой-пікірлерін Мәсіхке бағындырамыз»

### Қорынттықтарға арналған екінші хат 10:4-5

Құдайдың Сөзі барлығын танып білуге тырыспа десе, бағынып, тырыспай-ақ қояйық. Онда да бәрін анықтап түсінейін десеңіз, беймаза, тынышсыз ой туа бастағанда, оны Мәсіхке бағындырыңыз. Киелі Кітаптың осы үзіндісі біздің күрес жүргізіп жатқанымызды айтады, және бұл күрес ой-санада орын алады. Шайтан біздің ой-санамызға шабуыл жасайды. Ол қалай? Мысалы, ерсі, арам ойлар мен уайым, қорқыныш арқылы.

Жоғарыдағы аят дәлелдемелерді атап кетеді. Дәлелдеме дегеніміз – өз мәселелерімізді шешуге құрылған жоспар. Біз өз сұрақтарымызға жауап табудың әр түрлі амалын іздейміз. Алайда, ол жауапты білетін – жалғыз Құдай. Бар күшіңмен іздесең де табылмайтын жауаптар бар. Осындай ізденіспен әлек болатын жандар абыржуға түседі. Жұмбақтың шешімін Құдайға біледі, бірақ Ол оны бізге белгілі бір себептен мәлім етпейді.



## 2



### ПІКІРЛЕСКЕН ЖЕТЕР!

Бар істің мән-жайын анықтап білетін әдетімнен арылғанымды шынымен де бағалауыңыз үшін, ойымның әуеліде қандай болғанын білуіңіз керек.

Жас кезімде ешкімге тәуелді болмаймын, өз бетімше өмір сүріп, өз қамымды өзім ойлаймын деп ұйғардым. Менің ойымша, бұл ең дұрыс шешім еді. Ешкімнен көмек те сұрамаймын, ешкімге қарыз да болмаймын деп шештім. Реніш пен мұңнан шаршаған мен осы амал құтқарады деп ойладым.

Әрине, мұндай беталыстың қателігін біраз уақыт өткеннен соң ғана түсіндім. Қашанда мазам кетіп, айналадағыны түсінемін деп көп уайымдадым. Қобалжып, көңілім бұзылып, жиі өкпеленіп жүретінмін. Неғұрлым тәуелсіз боламын десеніз, соғұрлым Құдайға үміт артқан қиын. Ал Құдай тек өзімізге ғана арқа сүйемей, Оған тәуелді болғанымызды қалайды ғой. Исаға неғұрлым тәуелді болсаңыз, Оған соғұрлым сеніп, керек білімді уақытылы беретініне күмәніңіз болмайды.

Алайда, бұл ұстанымды енжарлық, не немқұрайлықпен шатастырмаңыз. Мысалы, өзіңіз, не жақыныңыз қиын жағдайға түсіп, оның себебі не екенін түсінбесеңіз, оны Киелі Рухтан сұраңыз. Бірден жауап алмасаңыз, кейімеңіз – уақыты келгенде, Ол барлығын айқын етеді.

Туған сұраққа жауап таба алмай, тығырыққа тірелсеңіз, барлығын білетіні үшін Құдайға алғыс айтып, күтуге дайын екеніңізді айтыңыз.

Құдайға арқа сүйеп, сұрақтарыңызды жауапсыз қалдыра алмасаңыз, қайта-қайта әбігер мен абыржуға түсе бересіз. Сенім деген осы.

# 3



## СЕНІМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Сенім туралы тек доктрина, не Құдайдан керегімізді алу-дың амалы ретінде ғана сөз қозғауға болады. Ефестіктерге арналған хат 2:8-9 Құдайдың рақымымен, *сенім арқылы* құтқарылғанымызды айтады. «Ал сенім дегеніміз – үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану» (Еврейлерге арналған хат 11:1). Сенімді сипаттау мен оған анықтама берудің әр түрі бар. Өзім мынадай қорытынды шығардым: сенімі бар адамның өмірге деген көзқарасы өзгеше.

Сенім тыныштық береді. Еврейлерге арналған хат 4:3 Мәсікке сенгендер тыныштыққа ие болатынын айтады. Ол тарауды әрі қарай оқысақ, Құдайдың тыныштығына ие болған әркім (тыныштыққа апарар есік – сенім екені есіңізде болсын) қайғы мен қажытатын еңбектен арылады деп айтылған (Еврейлерге арналған хат 4:10, орысшадан аударма). Барлығын біліп түсінуге ұмтылуды қажытатын еңбек деуге болады.

Сенімі бар адам былай дейді: «Барлық уайымымды Құдайға сеніп тапсырамын, себебі Ол менің қамымды ойлайды» (Петірдің бірінші хаты 5:7). Немесе: «Барлығын біліп түсінуім қажет емес. Бәрін білетін Құдайды білгенім жеткілікті!» – дейді. Құдайдың барлық істерін емес, Оның Өзін жақынырақ білуге ұмтылыңыз!

Сенімі бар адам уайымдамайды, оның мазасы кетпейді, ол ертеңгі күннен қорықпайды. Себебі, ол өзінің білмейтінін Иса білетініне нық сенеді. Иса Тәңір – әрдайым бар, мәңгі болып келген және болашақта келетін Құдай Ие екенін ұмытпаңыз. Ол әлем жаратылысынан бұрын да бар еді. Ол жаратылысқа тікелей қатысты. Ол сізді туғаныңызға дейін толығынан танып білді. Ана құрсағында сізді жаратқан – Ол. Ол – Альфа және Омега, Алғашқы да Соңғы. Ол тек алғашқы мен соңғыны ғана емес, арасындағы болатынның бәрін біледі.

Исаның екінші келуіне дейін уақыт бар деп болжамдасақ, алдымызда бірталай күн бар. Не де болса, білетінім осы: ертеңгі күн де, өзімнің өмірім де Құдайдың қолында (Ишaya 49:16). Бұл мені жұбатып, қуаныш сыйлайды.

Сенімі бар адам бүгінгі күнмен өмір сүреді, әрі мезгілден бұрын алға ұмтылмайды.

# 4



## ҚҰДАЙ РАҚЫМЫН ӘРБІР КҮНГЕ ЖАУДЫРАДЫ

Бүгінгі күнмен өмір сүріңіз! Өткен шақты ойға ала берсе, өмір жаныңыздан өтіп кетеді. Құдай Өзін тек «болған Құдай» деп атаған жоқ, Оның есімі – «әрдайым бар Құдай». Тек болашақпен ғана да өмір сүрмеңіз. Құдай «болашақта ғана бар Құдай» емес. Бүгінгі күнмен өмір сүріңіз, сонда өмірдің өзі де оңайырақ болады. Сонымен қатар, сенімнің бүгінгі күнге қатысы бар: ол үміттенгеннің жүзеге асатынына *қазір* күмәнданбау.

Теңізде қатты жел тұрғанда, Иса шәкірттеріне: «Қорықпаңдар, БҰЛ МЕНМІН ғой! Үрейлерің ұшпасын!» – деп көңілдерін орнықтырды (Матай жазған Ізгі хабар 14:27). Исаның сөздері сізге түсінікті ме? Иса: «Дәл осы мезетте БҰЛ МЕНМІН, сондықтан да барлығы өз орнында болады», – деді. Бүгін өмір сүріңіз! Ылғи кешегіні еске түсіре берсеңіз, ертеңгі күн үшін қам жей берсеңіз, бүгінгі күнді байқамай қаласыз. Ал Құдайдың рақымы сізге дәл қазіргі күнге беріледі. Ертеңнің рақымы ертеңнен бұрын келмейді, ал



кешегі рақымның жарамдылық мерзімі өтіп кетті. Рақым дегеніміз – әлденені іске асыру үшін Құдайдың берген мүмкіндігі, Оның мейірбандығы мен Киелі Рухтың күші. Сол күш арқылы сіз істелуге тиіс жұмысты жүзеге асыра аласыз. Дегенмен, біз рақымды болашаққа арнап жинап алуымыз мүмкін емес.

Исраилдіктер шөл далада қалай өмір сүргендері есіңізде ме? Күн сайын Құдай оларды тамақтандыру үшін кереметін жасап, аспаннан ас түсіріп отырды. Халық ол асты манна деп атады. Құдай оларды тамақтандыруды ұмытып кетуінен қауіптеніп, кейбір исраилдіктер керегінен артық жинап алғылары келді. Алайда, маннаны екі есе көп жинап алу тек жұма күні ғана рұқсат болатын. Басқа күндері артық жиналған ас ертеңіне бүлініп кететін.

Осы тұста сәл кідіріп, ойланып көрейік. Өзіміз де тура сондай қателік жібермейміз бе? Сіз әлденені уайымдап, не болатынын алдын-ала біліп түсінуге тырысқаныңыз маннаны артық жинап алғанмен тең. Құдай Әке болса, әр күннің қамын Оған тапсырғанымызды қалайды. Тек өз ой-санамызға ғана сүйенудің орнына шын жүректен, бар ақыл-ойымызбен Жаратқан Иеге сенейік (Нақыл сөздер 3:5).

Бірде мынадай қызық әңгіме оқыдым. Иса Мәсіхке сенуші екі адам түрмеге түседі. Келесі күні таңертең солдаттар екеуін бағанаға байлап, отқа жағып жібермек. Бірі –

жасы үлкендеу, Құдайдың жолын қуған, тәжірибелі, сенімі мықты адам. Екіншісі – Құдайды шын жүректен жақсы көрсе де, әлі рухани есеймеген жас жігіт. Кеш түскенде, жас сенуші майшам жағып, саусағын күйдіріп алады. Сонда ол үрейге беріліп: «Бір күйген саусақ сонша ауырса, бағанаға байланып отқа жағылған қандай болмақ! Шыдай алмаспын!» – деп күңіренеді. Қарт сенуші оған: «Балам, Құдай саған саусағыңды күйдір деп тапсырған жоқ қой, сондықтан оған шыдайтын рақымын да берген жоқ. Оның тапсырғаны – өміріңді құрбан ету, таң атқанда Ол сынақтан өткізетін рақымын жаудырады», – деп жұбатады.

Көрдіңіз бе, Құдаймен қарым-қатынасы тығыз, рухани кемел сенуші рақымның керек кезде келетініне нық сенді. Ол ертеңгі қатерден өткізетін рақымның келетініне *бүгін* сенгендіктен, оның жаны – тыныш.

Осы мысалдан алып шығар сабақ – сенім бізді мазасыздықтан азат етеді. Сенімі бар адам тыныш, себебі ол Құдайдың ертеңгі күнді ойлап қойғанын біледі, ол «тегешіне жаңа манна жинап алуға» дайын. Өткенде не болғанын, немесе болашақтың не дайындағанын әрдайым ойлай беруді қояйық!



# 5



## ӘТТЕҢ...

Філіпіліктерге арналған хат 3:13-те Пауыл елші өткен нәрселерді ескермей, алға ұмтылуға шақырады. Өткенге орала беретін өз ойларымыз емес пе? Адамның көбісі өткенді ойлап жүргенде, бүгінгі күн зымырай өтіп, қайтып келмейді.

Жіберген қателеріңізді қайта-қайта ойлай беретін әдетіңіз бар ма? «Осыны былай істемедім-ау!», «Мынаны айтсам ғой!», «Ана жолғыны басқаша істегенімде!» деп өкінесіз бе? Осы «Әттең-ай» дегендерден аулақ болыңыз! Сол мезетте дұрыс көрінген нәрсені жасаған боларсыз, бірақ аяғында ол ойдағыдай болмауы мүмкін. Енді оның бәрін түсінуге әрекет жасап «Ол неге былай болып шықты? Неге Құдайым? Түк түсінген жоқпын, бірақ мәселенің басын ашқым келеді! Хабарсыз қалудан шаршадым! Есім шығып жүр!» дейтін шығарсыз.

Тұспалдамай, тура айтайын: ондай ой тек діңкеңізді құртады. Мен көп жыл бойы өзімді солай қинайтынмын. Сосын оның еш жақсылығы жоқ екеніне көзім жетті. Ба-

сымнан көптеген түсініксіз жағдай өткен еді, оның себебін қазір де білмеймін. Бірақ Құдай өткен-кеткенді тастап, алға жүруді үйретті, енді жүрегім кәміл бейбіт пен тыныштыққа толы. Сол үшін алғысым шексіз.

Ойы Құдайға бағытталған адамның жаны тыныш (Ишая 26:3). Көңіл аударыңыз, барлығын шешіп, біліп түсінгісі келетін адамға ондай уәде берілмеген.

Өмір әділетсіздікке толы деп ойлайтын адам көп. Бұрында мен де, сіз де әділетсіз қарым-қатынасқа тап болдық. Осы жағдай көптеген қиындық тудырып, ащы реніш әкеліп, жанымызды терең жаралады. Ол қиындықты шешуге және жараны жазылдыруға жылдар кетті.

Ұзақ уақыт бойы мен өзімді қатты аяп, басқалардың маған жанашыр болатынын күттім. Күйініп, неліктен сонша қаталдыққа ұшырағанымды ойлағанда, зығырданым қайнайтын. Құдай маған неге көмектеспеді? Адамның ешқайсысы да неге көмектеспеді? Ақырында, солай өзімді бақытсыз қылатынымды түсіндім. Маған бүгін сыйланған уақытты мен өткенде не болғанын түсінуге жұмсайды екенмін. Бірде Құдай маған: «Джойс, сен бейшара болғың келеді ме, әлде мықты, қуатты адам болғың келеді ме? Таңдауың өзіңдікі», – деді.

Кейбіреу өткен ренішті ойлап өмір сүрсе, басқа біреу өткен жетістікті ойлап өмір сүреді. Бұл тұтқынға түскен

секілді. Мүмкін, өткен жетістікті қайталау үшін, оған не себеп болғанын түсінгіңіз келетін шығар. Өзім де өткен табыс-жеңістерімді еске түсіріп жиі масаттанатынмын. Алайда, ондай мінез жаңа табысқа қол жеткізуге кедергі болады. Өткенді өткен деп қалдырайық. Жеңіске толы болса да, жеңіліске толы болса да, ол өтіп кетті. Ол артта қалды, ал біз бүгінгі күнмен өмір сүрейік!

Мені дұрыс түсініңіз: жанға жағымды нәрсені еске түсірудің еш жаманы жоқ. Алайда қаншалықты тамаша болса да, өткенмен өмір сүрсек, өзімізді бақытсыз қыламыз. Әлдебір оқиға артта қалғанда, ол шымылдық сияқты аяғыңызға жығылсын, ал сіз одан аттап, Құдайдың дайындаған жаңа игілігіне ұмтылыңыз.

Тағы қайталағым келеді: «әттең» деп басталатын ойларға жол бермеңіз. Қиындыққа тап болғанымызда, «әттең, басқаша істегенімде» не болатынын білгіміз келеді. Ал қуанышты сәтте оның қайталанғанын қалаймыз.

Өткенді ұмытыңыз! Дәл қазіргі сәтпен өмір сүріңіз.



# 6



## СОЛАЙ БОЛСА ШЕ... ?

«Солай болса ше» – шайтанның ой-санаңызды көздеген отты жебелері (Ефестіктерге арналған хат 6:16). Ақша жетпей қалса ше? Мені біреу ренжітсе ше? Жаман ауруға шалдықсам ше? Жұмысымнан айырылып қалсам ше? Өмір бойы жалғыз қалып қойсам ше? Қателік жіберсем ше? Қолымнан түк келмесе ше? Елге күлкі болсам ше? Менен бәрі теріс қараса ше?

Бұны айта берсек, қағаз жетпес.

Ойланып көрсеңіз, әрбір «солай болса ше»-нің соңынан қайғылы ой, өкініш, ыза мен қорқыныштан тұратын ұзын тізбек тартылып келеді. «Солай болса ше» көңілімізді болашаққа аударып, әлі болмаған, мүмкін ешқашан да болмайтын нәрселерден қорқуға итереді. Немесе, өткенді еске түсіріп, қайтып келмейтін затқа өкіндіреді. «Мәсіхке бағындыру» қажет ой-пікірлер нағыз осы!

Тағы бір әңгімені айтып берейін. Қызмет өткізетін орын жоқ кез. Бес жыл бойы пайдаланған ғимаратымыз құла-



тылып, оның орнына үлкен дүкен салынатын жоспар болды. Кеңселер, қызмет залы, балалар бөлмелері және жексенбілік мектепті сиғызатын үлкен ғимаратты іздестіруге кірістік. Үш жүздеі автомобильге жететін тұрақ та қажет болды. Ондай орынды оңай табамыз деп ойлап едік. Қателескеніміз-ай. Жүздеген ұсыныстарды қараумен екі жыл өтті. Ақырында тығырыққа тіреле бастадық. Осы кезде шайтан маған «отты жебелерін» жіберіп отырды: «дұрыс орын таппай, тағы екі жыл жүрсек ше? Баға арзан болып тұрғанда ана жолғы ұсынысты қабылдасам, жағдайымыз мұндай болмаушы еді. Жылжымайтын мүлік туралы көбірек білсем, қазір не істейтінімді түсінуші едім. Жер сатып алдық дейік, құрылықса рұқсат қағаз ала алмасам ше? Қазір қымбат төлеп, кейінірек арзан таңдау тапсам ше?»

Жаңа орын іздеуің алдында Құдайдың осындай ойларды қуып жіберуді үйреткеніне ризамын. Ол жағдай екі жыл бұрын болса, өзімді қорқақ, абыржыған бейшара сезінуші едім.

Қазір әр қадамымызды Құдайдың нығайтатынында еш күмәнім жоқ (Забур жырлары 36:23). Біз оған сенім артып, мінәжат етеміз, Оның еркін орындағымыз келеді, сондықтан Ол бізді жетелеп, өз уақытында өз орнымызға әкеледі. Құдай ешқашан асықпайды, және ешқашан кешікпейді. Ғимарат іздегенде, ыңғайлы көрінген таңдау-

лар болды, дегенмен біз не істесек те, қолымыздан ештеңе келген жоқ. Уақыты келгенде, Құдай бізге ең тамаша ғимарат берді. Бұдан былай да Ол бәрін қамтамасыз ететінін білемін.

Енді қаншама ұсыныс алғанымызды еске түсіргенде, неге көп уақыт орын табылмай, тырысқанымыздың бәрі зая кеткенін түсінемін. Себебі, біз әлденені Құдай белгілеген уақытта істемесек, еш нәтиже шықпайды.

Құдай не істейтінін біледі. Ол бәрін де бақылап отыр. Ал мен бойымды еркін ұстауыма болады. Алдағының барлығын өзім білмесем де, барлығын білетін Иені жақын танимын!

Ал сіз ше? Сіз Исаны білесіз бе? Олай болса, сіз бәрін білетін, құдіреті шексіз, барлық жерде бар Құдаймен таныссыз. Бойыңызды еркін ұстаңыз!

Енді мынадай жағдайды елестетіңіз: болашақтың не әкелетінін ойлап, уайымдап, болжам жасайсыз, ал Құдай барлығын тіпті басқаша істейді! Сонда уайымдаумен өткен көп уақытыңыз бекер кетті! Берер кеңесім – өзіңізді бос ұстап, Құдайдың Құдай болуына еркіндік беріңіз.



# 7



## БАРЛЫҒЫН ТҮСІНЕМІН ДЕМЕҢІЗ

Құдайдан ажырату қабілетін сұраған кезім болды. Мен қайта-қайта мінәжат етумен болғанда, Киелі Рухтың былай дегенін естідім: «Джойс, сен барлығына түсіндірме іздеуді тоқтатпасаң, ештеңені де ажырата алмайсың».

Өз еркімен жүретін адам рухани салаға қатыс затты түсінбейді (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 2:14-16). Егер мен Киелі Рухтан бір белгі алып, сосын ол белгінің дұрыстығы жайлы пікірталас бастасам, ешқашан да алға жылжымаймын. Неліктен? Жауапты Қорынттықтарға арналған бірінші хат 2:14-аяттан табамыз – рухтан келгенді адам жан-тәнімен түсінбейді, себебі рухани нәрсені тек рух анықтап біледі. Сіздің рухыңыз ой-санаңыз білмейтінді біледі.

Сіз қайта туылсаңыз, Киелі Рух сіздің рухыңызда мекендейді. Ол бізге көпті ашқысы келеді, бірақ Оның айтқаны өз ұғымымызға сәйкес келмесе, біз оны жиі қабылдай алмаймыз.

Мысал келтірейін. Бір жолы, таңертең қызметке дайындалғанымда қауымдағы негізгі көмекшілердің бірі, сенімге

аса берілген әйел туралы ойлай бастадым. Ол үшін бір игі іс жасағым келді. «Құдайым, мен Рута үшін не істей алатынымды көрсетші», – дегенімде, Құдай жаңа қызыл көйлегімді Рутаға беруімді қалайтынын түсіндім. Ол көйлекті қатты ұнататынымын, бірақ үш ай бұрын алғаннан бері ешқайда киген емеспін. Алынған күйі, этикеткасымен пакетінде жатқан еді. Ал Рута – дене бітімі ірілеу, өлшемі менікінен үлкен киім киетін әйел. Бір қызығы, ол көйлек өз киімімнен дәл бір өлшем үлкен болатын. Оны сатып алғанымда, маған шақ келетін көйлек болмағандықтан, осы өлшемін ала салған едім. Бірақ кигенімде, көйлектің үлкендігі білінбейтін, артық матасы көзге түспейтіндей пішілген көйлек болса керек. Сөйтіп, Киелі Рухтың жаңағыдай тілегін естігенде, ой-санам бірден «Құдайым, ол жаңа көйлек қой!» – деп жауап қатты.

Иә, өте «салмақты» қарсылық! Менің ой-санам, менің жан-тәнім рухыммен сөз таласқа түсті. Сонан соң Құдайда тағы да: «Жап-жаңа әдемі көйлегімді басқаға бер деп тұрған жоқсың ғой, иә?» – дедім. Шынын айтсам, Құдай ескі, киілген затты емес, тап осы жаңа көйлекті беруімді қалады.

Көрдiңiз бе, өзiмiз үшiн аса құнды зат болмаса, оны оңай-ақ бере саламыз. Ал жаңа қызыл көйлек дегенің тіпті басқа әңгіме. Ондайда мықтап ойланып алғанмыз жөн.

Соңғы қарсылығым тіпті адам күлер сөз еді. «Құдайым, осы көйлекпен бірге кием деп әдемі күміс сырға алып қойдым

гой!» – деп жалынып, Құдайдың маған жаны ашитынын күтім. Қарсылығымның бәріне Құдай еш жауап бермеді. Ол үнсіздігін «көйлекпен бірге сырғаны да беріп жібер» деп түсіндім.

Құдай бізбен дауласпайды. Ол жүрегімізге қозғау салып, не жайлап, анда-санда қаттырақ тіл қатып, не Жазбадағы үзінділерге көңілімізді аударуы мүмкін. Ол Өз Сөзінде жазылған қағидаларға, және Өзінің еркіне қарсы келетін әрекетке ешқашан итермейді (айтпақшы, дауыстың әр түрі болады: Киелі Рухтың даусын басқа дауыстардан ажырата біліңіз).

Сонымен, көйлекті Рутаға беру керегін білдім, бірақ оны әлі де қимадым. Одан құтылу үшін Құдайға бір қарсылықтан соң екіншісін айта бердім. Бірақ Ол менімен сөз таластырған жоқ. Ол тек айтатынын айтты. Мұның бәрі неден басталды десеңізші. Рута туралы, оның қауымға қандай керемет жарылқау екенін ойладым. Сосын, өзім Құдайдан Рута үшін не істей алатынымды *сұрадым*. Ол кеңесін бергенде, оны ұнатпай қалдым. Ал рухым Құдайдың айтқаны дұрыс екенін білді. Енді шешім қабылдауға уақыт келді.

Шешімді қабылдауға еш асыққан жоқпын (Құдайдың талабын орындағымыз келмесе, жиі уақыт созып жүреміз, ол – тіл алмаудың белгісі). Шешімді ертеңге қалдыру немесе уақытты созу – Құдайдың айтқанын орындаудан бас тартқанымыз. Шынайы мойынсұну – тек игі ниет қана емес, ол айтқанды шынымен де орындау.

Бірнеше апта өткеннен соң, Рутаға көйлек сыйлау керектігін ұмытып та кеттім, бірақ Құдай ұмытқан жоқ. Рутаны қалай жарылқауға болатынын сұрап тағы да мінәжат еткенімде, баяғы қызыл көйлек есіме түсті. Ақырында Құдайдың тілін алғанымды жөн көріп, көйлекті Рутаға сыйладым. Басында өзім білмесем де, ол көйлекті Рута үшін сатып алғанымға көзім ашылды. Ілгішке іліп қойып, оны үш ай бойы бір кимегенімнің себебі осы емес пе? Әрине, Құдай бәрін алдын-ала біледі, ал біз болсақ, Оған мойынсұнудың орнына шегінетін жол іздеп әлек боламыз. Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 2-аятында айтылғандай, бұған себеп – өз еркімен жүретін, тек өз жан-тәнін тыңдайтын адам Құдайдың Рухынан келгенді қабылдай алмайды.

«Неге, Құдайым, неге?» – деп сұрайды өз еркімен өмір сүретін адам. «Менен ондай құрбандықты неге сұрайсың? Оңайырақ жол жоқ па еді?». Киелі Кітап мұндай ой-пікірді «күнәкар болмыс» деп атап, оның тыныштықтан айыратынын ескертеді (Римдіктерге арналған хат 8:5-6 қараңыз).

Бұл кітаптың негізгі мақсатын ұмытқан болсаңыз, есіңізге салайын: «Неге, Құдайым, неге?» деген ой бізді әбігерге түсіріп, тыныштық пен қуаныштан айырады.

Рахаттанып өмір сүргіңіз келеді ме? Онда ондай ойдан бас тартыңыз!

# 8



## АДАСТЫРАТЫН ОЙ

Өтірікке берілмеудің жалғыз жолы – Киелі Рухтың жетелеуіне сезімтал болу. Шайтан Киелі Рухқа емес, өз ой-санасы мен сезімдеріне сенетін, Құдайдың емес, өз еркін орындайтын сенушілерді іздейді. Жамандыққа тап болмауымыз үшін, Киелі Рухтың жетелеуімен жүргеніміз ерекше маңызды.

Барлығын тәптіштеп, сараптап, іріктеп қою – адами болмысқа тән. Біз әрбір құбылыстың түсіндірмесін табуға тырысамыз. Сұрақтарымыз жауапсыз қалғанды жек көреміз. Дегенмен, Киелі Рух бізге мойынсұнуды және сенім артуды үйретеді. Жауап белгісіз болса, не Құдайға үміттену, не уайымға салынып, барлығын өз бетімізбен біліп алуға тырысу қалады.

Адам күнәсін мойындап, Исаны қабылдағаннан кейін, Киелі Рух жаңадан туылған рухани «нәрестені» кемелдікке жетелейді. Бәрін түсінбесе де, Құдай Әкеге үміт арта алатын сенуші осы кемелдікке жетгі деуге болады. Құдайдың барлық сұраққа жауап бермейтінінің себебі осы – Ол Оған сенім артуды үйренгенімізді қалайды. Бұдан басқа, барлық жауап қолыңызда болса, сіз Құдайдың еркіне кедергі жасай аласыз.



Ой-санаңыз жаңармағанша, ол күнәкар болмыс болып қала береді. Римдіктерге арналған хаттың 8-аятында ескі күнәкар болмысының еркі бойынша өмір сүретін жан мен Киелі Рухтың жетелеуімен өмір сүретін жан туралы айтылады. Ғалаттықтарға арналған хатта (5:17) «ескі болмысымыздың қалауы Киелі Рухқа қарсы, әрі Рухтың қалауы ескі болмысымызға қарсы» екенін оқимыз.

Осы тарауды неден бастағанымызға оралайық. Барлығы тәртіпке келуі үшін әр нәрсені өз орнына қойып, реттегіміз келеді. Бұл күнәкар болмыстың тірлігі.

Бұрында кеңсемізде қатар-қатарымен пошта жәшіктері тұратын. Оның әрбірінде кеңсе жұмыскерінің аты жазылған. Бір әріптесіме нұсқау бергім келсе, немесе әлденені беріп жібергім келсе, оның жәшігіне қысқаша хат тастайтынмын. Кейде тапсырмаларым орындалмай қалса, айып өзімнен шығатын – хатты қате жәшікке, немесе тіпті аты жоқ жәшікке тастаппын.

Осы жәшіктер арқылы Құдай маған маңызды сабақ үйретті, енді мен оны сізге жеткізбекпін. Қате жәшікке түскен хат сияқты, менің кейбір оқиғалар жайлы түйген ой-пайымдауларым қате «сөреге» түседі. Ойша барлығын орын-орнына қоюға ылғи тырысатынмын. Анықтап-біліп алуды жақсы көретінмін. Құдайдан қайта-қайта «Неге, Құдайым, неге?» деп сұрайтынмын. Жауап болмағанда, уайымға салынып, жүрегімдегі тыныштық пен қуаныштан айырылатынмын.

Құдай барлығын жетік түсінемін деп ойлау, және әрекеттерімді сол түсінігіме негіздеу – қателік екенін көрсетті. Соңында, барлығы әбден шиеленісіп, шатасып кеткенде, «хат қате жәшікке түскен» болып шығады. Құдай оны нақыл сөз арқылы түсіндірді: «Паңданып өзіңді «данышпанмын» деп ойлама» (Нақыл сөздер 3:7). Өзімді керемет дана деп жүрсем, Құдай жаңылысқанымды оттай басты. Біз барлығын білеміз, барлығын түсінеміз деп ойлаймыз, алайда Жазбаның мынадай сөздерін ұмытпайық:

«Өз ақыл-санаңа сүйеніп жүрме,  
Сенім арт шын жүректен Жаратқан Иеңе.  
Бар жағдайда да мойында Тәңір Иенді,  
Сонда Ол тура жолмен жетелер сені»

(Нақыл сөздер 3:5-6).

Құдай сізге әлденені түсіндіргенде, күдік пен абыржу сейіліп кетеді. Керісінше, оны өз ой-санаңызбен анықтап білейін десеңіз, одан сайын шатасып, шындыққа жете алмауыңыз мүмкін.

Кез-келген оқиғаны дұрыс және бұрыс, рухани және күнәкар болмыс жағынан қарастыруға болады. Мысалы, маған айтылған пайғамбарлық сөзді толығымен түсіне алмай, немесе рухани түс көріп, оның мағынасын ұғына ал-

май жүрмін дейік. Сонда Құдай Әкеден: «Әке, осыны түсінбей жүрмін, өтінемін, маған оны Өзің түсіндіріп берші», – деп сұрауыма болады. Сонан соңы оны «сөреге» қойып, сақтап қоямын. Басқаша айтқанда, оны Құдайдың қолына тапсырып, ендігәрі ол туралы ойланбаймын. Ол менің сұрағанымды орындауды жөн көрсе, уақыты келгенде сол пайғамбарлық сөз не түсті «сөреден» алып, менің есіме түсіреді. Жохан жазған Ізгі Хабар 14:26-да Киелі Рухтың рухани өмірімізге керектің бәрін үйрететіні айтылған. Ол өзім түсінбеген барлық затты маған айқын етеді.

Ал енді екінші жолды қарастырайық. Пайғамбарлық сөз, не рухани түсті өз бетіммен түсініп алуға тырыса аламын. Көп адаммен сөйлесіп, олардың пікірін сұрастыра аламын. Әрине, әр адамның пікірі өзгеше, оның соңынан жүріп, тіпті адасып кетуім мүмкін. Соңында бір қорытындыға келіп, іске кірісер едім. Өз пікір-пайымдауларыма сүйеніп, әрекет жасауға тырыссам, өте жағымсыз жағдайға тап болым әбден мүмкін.

Есіңізде болсын, ондай ойлар абыржу мен әбігерге түсіреді. Мені дұрыс түсініңіз, мен тіпті ешқашан ойланбаңыз дегім келмейді, алайда Құдай әлденені айқын етпесе, ол жұмбақты өз еркімізбен шешу тек жаңылыс пен дүрбелеңге әкеледі.

*Абыржыған халге түссеңіз, ол әлденені қате істеп жүргеніңізді ескертетін белгі болсын.*

# 9



## АБЫРЖУ ҚУАНЫШТАН АЙЫРАДЫ

Бір маңызды ойды нық бекітейік: абыржу Құдайдан келмейді. Қорынттықтарға арналған 1-хат, 14:33-те Құдайдың тәртіпсіздікті (немесе грек тілінен тікелей аударма «абыржуды») қаламайтыны жазылған. Сонымен қатар, Қолостықтарға арналған хат 3:15 Мәсіх сыйлаған ішкі тыныштықтың билігіне мойынсұнуға шақырады. Тыныштық, төреші ретінде, қай шешіміміз дұрыс, қайсы бұрыс екенін айтып отырады.

Абыржу тыныштықтың қарама-қарсысы. «Абыржу» сөзі «былық, алай-дүлей, дағдарушылық, тәртіпсіздік, түсініксіздік» деген мағынаны білдіреді. «Тыныштық» сөзі болса, «тәртіп, ішкі байсалдылық, қанағат» мағынасына ие. Тыныштығы жоқ адамның қуанышы да болмайды. Исаның Өзі айтқандай, ұры ұрлап, сойып, құрту үшін келеді, бірақ Иса адамдар шынайы өмірге ие болсын және ол өмірден рахат алсын деп келді (Жохан жазған Ізгі хабар 10:10).

Бірнеше жыл бұрын мен Құдайдың берген қуанышына бөленіп, рахаттанып өмір сүремін деп нық шешім қабыл-

дадым. Иса өмір сыйлаумен қатар ол өмірден рахат алуымыз үшін жанын құрбан етсе, неге рахаттанып өмір сүрмеске?

Иса сенушілерді Өзімен тығыз байланыста тұруға, яғни тыныштыққа ие болуға шақырады (Жохан 15:4-10). Со-сын Ол сөзін былай деп жалғастырады: «Бұларды Менің көретін қуанышым сендердікі де болсын, әрі қуаныштарың мейлінше толық, кемел, әрі өлшеусіз болсын деп өздеріңе айттым» (11-аят, орыспадан аударма).

Осындан келесі қорытынды шығарғанымыз дұрыс. Құдай біздің өмірден рахат алғанымызды қалайды, ал абыржу оған кедергі болып табылады.

Соңында сізді абыржу мен қайғыға салынбай, қайта қуанышқа бөленіп өмір сүруге шақырамын. Ол үшін барлығын анықтап түсінетін әдетіңізден бас тартуыңыз керек. Біз әр нәрсені шешкіміз келеді, дегенмен Құдайға үміт артып, қажет жауапты уақытылы беретініне сенейік.

Болжам жасап асып-сасқанды доғарсаңыз, тыныштық пен қуанышқа ие болатыныңызға күмәнім жоқ.

# ТӘУБЕ ЕТУ МІНӘЖАТЫ



Құдай сізді қатты сүйеді және сізбен тығыз, жақын қарым-қатынаста болғысы келеді. Исаны Құтқарушы Ием деп әлі қабылдамаған болсаңыз, дәл соны қазір істей аласыз. Шын жүрегіңізден келесідей мінәжат етіңіз:

«Әке, Саған қарсы шығып, күнәға батқанымды мойындаймын. Өтінемін, мені кешірші. Мені пәк таза етші. Сенің Ұлың Исаға сенуге уәде беремін. Оның мен үшін өлгеніне сенемін. Ол маған кесілген жазаны көтеріп, айқышта жан тапсырды. Исаның қайта тірілгеніне сенемін. Дәл қазір өмірімді Оның қолына тапсырамын. Кешірім мен мәңгі өмір сыйлағаның үшін рахмет, Әке. Сен үшін өмір сүруге көмектесші. Исаның атымен. Әумин».

Шын жүрегіңізден мінәжат етсеңіз, Құдай сізді Өз патшалығына қабылдап, жан-тәніңізді пәк таза етіп, рухани өлімнен азат етті. Төменде келтірілген үзінділерді ден қойып оқыңыз. Құдайдан Оның даусын анық естуіңізді сұраңыз. Құдаймен бірге жаңа өмірге қадам басқаныңыз құтты болсын!

Жохан жазған Ізгі Хабар 3:16,

Ефестіктерге арналған хат 1:4

Қорынттықтарға арналған 1-хат 15:3-4

Жоханның 1-хаты 4:14-15

Жоханның 1-хаты 1:9,

Жоханның 1-хаты 5:1

Ефестіктерге арналған хат 2:8-9

Жоханның 1-хаты 5:12-13

Киелі Кітаптан дұрыс тәлім беретін жақсы қауым табу үшін Құдайдан көмек сұраңыз. Ол жерде сіз Исаны жақынырақ біліп, рухани дами аласыз. Құдай әрдайым қасыңызда, осыны ұмытпаңыз. Ол алдын-ала сізге игілікке толы өмір дайындап қойды. Енді Ол сізді сол өмірге жетелеп, қалай өмір сүру керек екенін үйретеді.

# АВТОР ТУРАЛЫ



Джойс Майер – Киелі Кітаптан тәлім беретін танымал ұстаз. Ол Құдайдың Сөзін миллиондаған адамға жеткізеді.

Джойс жүздеген тақырыпқа уағыз жазып, 70-тен астам кітап жазды. Жыл сайын ол жиырма шақты конференция өткізеді. 2004-жылы оның 2.5 миллионнан астам кітабы сатылып, миллионнан көбісі тегін таратылды. Джойстың теле-бағдарламаларын елдердің көбісінде қарауға болады, ал радио-бағдарламаларын үш жүзден астам радиостанциялар таратады.

Джойс сенушілердің Құдайдың Сөзінде нық тұруларына көмектесуі үшін қызметке шақырылды. Бұрында ол өмірден үміт үзген адамдардың бірі болатын. Бүгін ол өмірінен рахат алады, себебі ол Құдайдың Сөзіндегі ақиқаттарды қолданып, қиындықтарды жеңуді үйренді. Жеңіскер басқаларды да ұтуға үйрете алатынына Джойстың еш күмәні жоқ.

Джойс бала кезінде зорлық көргені, бірінші сәтсіз некесі және өміріндегі басқа қиындықтар туралы ашық айтады. Ол басынан өткізгенін жасырмай, ұқсас жағдайға түскен адамдарға кеңес береді.



Джойс Майер Орал Робертстің Оклахома университетінің теология ғылымының докторы дәрежесіне ие. Сонымен қатар, ол «Лайф Кристиан» Флорида университетінен философия және теология ғылымдарының докторы дәрежесін алып шықты. 2005-жылдың ақпанында «Тайм» журналы Джойс Майерді Американың ең әйгілі жиырма бес уағыздаушыларының қатарына қосты.

Джойс Майердің өмірі Құдайдың мейірімі мен адалдығын паш етеді. Ол адамның бұрынғы өмірі қандай болса да, Құдайдың оған дайындаған орны бар екенін, және Құдай ол адамды қуаныш пен бақытқа толы өмірге жетелеуге дайын екенін үйретеді.

## Абыржумен қоштасып... қуанышты қабыл алыңыз!



Сіз түсініксіз жайтқа тап болдыңыз ба? Әлдене сізді абыржытып жүр ме? Мүмкін, «Неліктен өмірім осындай?» деген жұмбақты шеше алмай жүрсіз бе? «Неге, Құдайым, неге?» — деп сұрайсыз ба? Бұл сұрақ бірнеше жігерлендіруші бестселлерлердің авторы Джойс Майерді да көп ойландыратын. Оның тапқан шешімі — жауапты күту тек тыныштық пен қуаныштан айырады. Сіз де абыржыған халге түскенді тоқтатып, бақытты өмір сүре аласыз. Джойс Майердің осы кітабы келесі мәселелерді қамтиды:

- Барлығын анықтап түсінуге тәуелді болмау
- Құдайға сенім артып, Оған тәуелді болу
- Кешегі, не ертеңгі күнді уайымдамау
- Ой-санаңызды күнәкар болмыстың тұзағына түсірмей, рухани ойлау

«Неге, Құдайым, неге?» — дегеніңіз қате сұрақ. Бұл тамаша, әрі өте қажет кітап Құдайға апарар жолды табуда жәрдем болып, өміріңізден бұрын-соңды болмағандай рахат алуды үйретеді!